

М.А. Канабекова, А.А. Маденова

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: kma.2372@mail.ru)*

Халықаралық инвестицияның мәні және Қазақстан Республикасы экономикасындағы рөлі

Қазіргі уақытта Қазақстан экономикасының өсуі қалыпты. Бұған бірден бір себепші жоспарлық-әкімшілік жүйенің өзгерістері, экономикаға келесідей нарықтық механизмдердің әсері: еркін бағалар, меншікті мемлекет иелігінен алу, экономиканы монополияландыру, бәсекелестіктің дамуы, сыртқы экономикалық әрекеттің ырықтануы, банктік-қаржылық жүйенің реформалануы, қор нарығының пайда болуы және инвестициялық әрекеттің өсуі қатты әсерін тигізді. Қазақстан экономикасының қазіргі сәттегі даму барысында халықаралық инвестициялардың маңызы өте зор. Еліміздің тәуелсіздік алғанынан бері халықаралық инвестициялардың көлемінің айтарлықтай өсуін байқаймыз. Экономиканың қазіргідей тұрақты даму деңгейінде халықаралық инвестициялардың қарқынды өсуі байқалады, оның даму қарқыны халықаралық сауда өсуінің даму қарқынынан да әлдеқайда жоғары. Әлем елдері экономикалық даму деңгейіне қарамастан, экономикалық өсімге жету үшін шетел инвестицияларын тартудың тәсілдері мен амалдарын жетілдірумен айналысады. Сауда ағымдарының шетел инвестицияларының ағымдарының және технологияның айырбасының либерализациясы деңгейінде кәсіпорындардың нарықтағы күресі бұдан да агрессивті болып бара жатыр. Капитал, инновациялық қызмет технологиялармен, квалификацияланған адам ресурстарымен қамтамасыз етілуі және тиімді ұйымдастырушылық және басқарушылық тәжірибесі — осы факторлардың барлығы кәсіпорынның бәсекеқабілеттілігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады және сәйкес макроэкономикалық жағдайларда қабылдаушы елдердің экономикалық даму көрсеткіштерін өсіруге көмектеседі. Бірақ көптеген елдер инвестиция тартқысы келетінін және оған деген жоғары бәсеке деңгейінде екендігін ескеру керек. Сондықтан да шетел инвестицияларды тартуды зерттеу осы таңда өзекті мәселелердің бірі деп айтуымызға әбден болады. Мақаладағы қорытындылар мен ұсыныстар теориялық және тәжірибелік маңызға ие: қаржы-несие қатынастарын реттеу үшін; инвестициялық қызметті дамытуға ұсыныстар беріледі.

Кілт сөздер: халықаралық инвестиция, халықаралық сауда, экономикалық өсім, нарық, бәсекеге қабілеттілік.

Халықаралық инвестиция – шетел инвесторы тікелей қатысатын инвестиция. Бүкіл экономикалық жүйелердің жаһандануы кезінде Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қолжеткізуі және ашық экономиканың дамуына байланысты халықаралық инвестиция қажеттілікке айналды. Экономикалық өсу және нарықтық өзгерістерді қаржыландыру үшін елдің өз қорларының жеткіліксіздігіне байланысты оның маңызы артты. Халықаралық инвестиция деген тікелей шетелдік инвестиция (яғни инвестицияны фирмалардың жарғылық қорына немесе акцияларына бөлу), қоржындық инвестиция, сыртқы қарыздар, дамуға ресми көмек, гуманитарлық көмек кіреді. Нарықтық экономиканың даму жағдайында халықаралық инвестиция тек ақшалай ғана емес, сондай-ақ шетелдік технологиялар, басқару тәжірибесі де тартылуын қамтамасыз етеді, тиімді нарықтарды ашады, ірі өзгерістерге, нарықтық инфрақұрылымның қалыптасуына, инновациялық үрдістердің өсуіне, экономиканың жекеше секторының қалыптасуына әкеліп соғады. Қазақстанға тікелей халықаралық инвестиция өте тиімді. Ол елдің шаруашылық қызметінде инвесторды ұзақ мерзімге қамтамасыз етеді және сыртқы борышқа жатпайды [1].

Қоржындық инвестиция – ұзақмерзімді міндеттемелерге мен бағалы қағаздар нарығына бөлінеді; капиталға салынады және салынған капиталдың мөлшерінен сәйкесінше табыс алуды қарастырады. Дүниежүзілік тәжірибеде капитал қоры және елдің жинаған қаражатының басым үлесі бағалы қағаздар және түрлі қаржы құралдарымен жанама түрде өндіріс процесін инвестициялауға бөлінеді. Мысалы, дүниежүзілік инвестициялық байлықтағы қаржы байлығының үлесі көп – 57,7%. Халықтың ақша түріндегі қорына келер болсақ, мысалға, Америкада бағалы қағаздарға (көбінесе, акциялар) салынған инвестицияның жалпы көлемдегі үлесі 50%-дан да көп. Шетелдік тікелей инвестицияның өсу себептері және күтілетін нәтижелері жайлы айтатын болсақ, халықаралық капитал жылжуының басты қатысушылары жеңілдікті инвестициялық режиммен ерекшелінетін мемлекеттерге емес, нарығы жақсы дамыған елдерге салынады. Бұған себепші келесілер болып табылады: бәсекенің қысымы, жаңа технологиялар, жекешелендіру, мемлекеттің қолдауы. Сонымен

қатар инвестициялар тартатын белсенді әсерлі аймақтық елдерді атай аламыз: ЕО, НАФТА, АСЕАН, АТЭС, МЕРКОСУР. Өйткені олар бизнестің жаһандануына, кез келген жағдайда салыстырмалы инвестициялық режим дайындау және іске асыруға жұмыс жасайды [2].

Қазақстан тәуелсіздік алғалы 25 жыл ішінде салынған тікелей халықаралық инвестициялар көлемі 255 млрд долл. асыпты. Бұл уақытта мемлекетіміз ірі трансұлттық компаниялармен тиімді қарым-қатынас орнатып, дүние жүзіне атақты біршама алпауыттардың сеніміне енді. Негізінде халықаралық инвестиция болашағына нық сенімді, әсіресе қазіргі уақытта болашақ көкжиегі барынша жарқын жаққа қарай көбірек салынады. Бұның өзі Қазақстанның реформаларына халықаралық көзқарастың оң екенін білдіреді [3].

Елдегі басты капитал көздерінің ең үлкен инвестициялық жобалары деп төмендегілерді атауға болады:

- Нидерланды – 580 млн АҚШ долл. («ИспатКармет» ААҚ);
- Корея – 25.1 млн АҚШ долл. («LG ELECTRONICS» компаниясының ірі жобасы);
- Түркия – 39 млн АҚШ долл. («Эфес – Қарағанды сыра жасау зауытының» ірі жобасы);
- Лихтенштейн – 17 млн АҚШ долл. («АБС орталығы» ААҚ);
- Ұлыбритания – 11.7 млн АҚШ долл. («Лосан – Мардон» ЖШС-нің ірі жобасы).

Бірақ халықаралық инвестицияларды тарту кезінде де көп кедергілер кездеседі. Төменде атап өтсек:

- қазақстанның нарығындағы іскерлік белсенділіктің төмендігі;
- реттеуші шаралардың толық орындалмауы;
- өтімді қаржы құралдарының азаюы, төлем күші әлсізденуі, дағдарыстың орнауы;
- нақты ақпараттардың жетіспеушілігі.


Инвестициялық саясаттың тиімді жүйесін қалыптастыру үшін мемлекет Даму бюджеті, Ұлттық мұнай-газ қоры, мемлекеттік несие ұйымы секілді қаржылық механизмдер мен әдістерге мән беруіміз керек [4].

«2015–2016 жылдарға арналған жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Бүкіләлемдік экономикалық форумның есебінде дүние жүзінің 140 елінің ішінде макроэкономикалық ортада Қазақстан 25-ші орында, мемлекеттік саясат айқындылығы бойынша 30-шы орынды алады.

Еліміздегі инфляция деңгейі бірқалыпты болып тұр (ХВҚ: 2012 ж. — 5.1 %; 2013 ж. – 5.8 %; 2014 ж. – 6.7 %), сонымен қатар жұмыссыздық деңгейі жыл сайын төмендеп келеді (ХВҚ: 2010 ж. – 5.8 %; 2013 ж. – 5.2 %; 2014 ж. – 5.0 %), 2016 жылы инфляция (2016 ж. желтоқсан 2015 ж. желтоқсанмен салыстырғанда) 8,5 %-ды құрады. Азық-түлік тауарлардың бағасы 9,7 %, азық-түлік емес тауарлардың – 9,5 %, ақылы қызметтердің – 6,1 %-ға өсті, 2017 ж. сәуір 2016 ж. желтоқсанмен салыстырғанда) тұтыну тауарлары мен қызметтерінің бағалары мен тарифтері 2,7 %, оның ішінде азық-түлік тауарларының бағалары – 3,8 %-ға, азық-түлік емес тауарларының бағалары және ақылы қызметтердің тарифтері 2,1 %-ға өсті.


2015 жылы еліміз «100 нақты қадам — Ұлт жоспарын» қабылдады. Бұл шаралар дүниежүзілік экономикалық және саяси белгісіздіктерде Қазақстанымыздың экономикалық, институционалдық және әлеуметтік ортасын нығайтуға бағытталған. Сонымен қатар 2017 жылы Астана қаласында Халықаралық қаржы орталығы ашылды, бұл еліміздің дүниежүзілік экономикаға және әлемдік қаржы жүйесіне енуге мүмкіндік туғызып отыр. Халықаралық қаржы орталығы халықаралық сот төрешілерін тартып, сот ісін жүргізуде ағылшын тілі мен ағылшын құқығын пайдалана отырып, қаржы мен инвестиция таластары үшін жаңа сотты қамтиды.

2014 жылы номиналды ЖІӨ 38,033 трлн тг болған. Бұрын белгілі болғандай, 2014 жылы 4,3 % деңгейіндегі ЖІӨ өсімі болып табылған. 2013 жылы Қазақстан ЖІӨ 6 %-ға артқан. ЖІӨ-нің нақты өсуі 2015 жылы 5,0 % болды, ал 2016 жылы — 5,6 %, 2017 жылы — 6,8 %, 2018 жылы — 5,8 %-ды және 2019 жылы 6,5 %-ды деңгейде болады деп күтіліп отыр (1-сур.).



Дереккөзі. invest.gov.kz.

1-сурет. Қазақстанның экономикалық даму рейтингі



Дерек көзі. invest.gov.kz.

2-сурет. Секторлар бойынша ЖІӨ, АҚШ долл.

Тікелей халықаралық инвестициялар қазіргі кезеңде жаһанданып жатқан экономиканың өндірістік негізі халықаралық өндіріс жүйесін, көптеген ұлттық экономикаларды байланыстыру арқылы маңызы артуда. Жалпылай алғанда, инвестиция — экономикалық дамудың тірегі. Сондықтан Үкімет инвестициялық белсенділікті дамыту арқылы экономикалық өсімнің оң қарқынына жету жолдарын барынша назар аударып келеді. Инвестициялар және даму министрлігінің мәліметтеріне сәйкес, 2016 жылдың 9 айында Қазақстанға тікелей инвестицияның жалпы ағыны 27,3 %-ға өсіп, 14,5 млрд АҚШ долл. құраған. Бұл 2015 жылдың осы кезеңіндегі көрсеткіштерімен салыстырғанда 3 млрд долл. көп (2-сур.). Яғни, дүниежүзілік дағдарысқа қарамастан, Қазақстан соңғы кезде экономиканы инвестициялау жөнінен оң динамика қарқынын ұстап келеді. Айта кетсек, келесі орында Қазақстан Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы стандарттарына сай инвестициялық климатты дамыту жұмыстарын жалғастырмақ. Айта кетерлігі, былтырғы 2016 жылдың қазанында ЭЫДҰ Инвестиция жөніндегі комитеті Ұйымның кеңесіне Қазақстанды қатысушы ретінде шақыру жайлы шешім қабылдаған болатын. Бұл да қазақстандық дамудың бір мысалы. «Барлық инвесторлар үшін «Бір терезе» қағидасы енгізіліп, онда 300-ден аса мемлекеттік қызметтер көрсетіліп жатыр. Бүгінде бұл үлкен сұранысқа ие екен. Өткен жылдың қорытындысы бойынша, 5500-ден аса өтініш келген және 8000 шақты мемлекеттік қызмет көрсетілген», — дейді инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек. Оның айтуына қарасақ, қазіргі кезде инвесторларды қолдайтын автоматтандырылған жүйені дайындау бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар алдағы уақытта Инвестициялық омбудсмен институты да қызметке кіріспек. Министрдің сөзінше, Елбасы жүктеген міндеттер аясында инвестиция тарту үшін жұмыстар жоғарғы деңгейде күшейтілуде. Атап айтсақ, басымдыққа ие 10 елде (АҚШ, Ұлыбритания, Италия, Оңтүстік Корея, Иран, Жапония,

Германия, Франция, Қытай, Үндістан) инвестиция тарту үшін арнайыланған кеңесшілер белгіленген. Сонымен қатар, «Kaznex Invest» АҚ-ның шетелдерде, әсіресе, АҚШ, Германия, Түркия, БАӘ және Қытайда 5 аймақтық фронт-офисі ашылған. Ал аймақтық деңгейде облыс әкімдерінің басшылығымен Инвестиция тарту жөніндегі кеңес құрылған. Елбасымыз Жолдау барысында инвестиция тарту жүйесін қайта форматтау үшін бірнеше міндеттер жүктеген. Осы бойынша Инвестициялар және даму министрлігі бес басты бағытта айқындалған. «Біріншіден, биыл маусым айының соңына дейін инвестиция тарту бойынша Ұлттық стратегия әзірленеді. Онда инвесторлар тарту үшін перспективалы және басымдыққа ие салалар анықталады. Инвестиция тартудың механизмі мен инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша кешенді шаралар жетілдіріледі. Бұл жұмысқа біз Дүниежүзілік банк са- рапшыларын шақырдық», — деген министр Жеңіс Қасымбек. Екінші міндет — «Kaznex Invest» АҚ базасында Инвестиция жөніндегі «Kazakh Invest» мамандандырылған ұлттық компаниясын құру қарастырылған. Ұлттық компания Үкіметтің атынан мақсатты түрде трансұлттық компаниялармен мен ірі инвесторлармен келіссөздер жүргізбек. Министрлік қайта ұйымдастыру мен ұлттық компания құрудың барлық үрдістерін ақпан айының соңына дейін аяқтауды жоспарлап отыр. Үшінші міндет — инвестиция тарту саласы бойынша мемлекеттік органдардың, әкімдіктердің, ұлттық компаниялардың қызметін үйлестіру үшін министрліктің жұмысы күшейтілмек. Ол инвесторларға ұсынылатын нақты жобалар бойынша бірлескен жұмыстарды қамтиды. Осыған байланысты биыл ақпан айының аяғына дейін тиісті салалар мен аймақтарда қаржыландыруға мұқтаж перспективалы жобалар тізімі әзірленбек. Ал биылғы мамыр айының соңына дейін аталған жобалар халықаралық стандарттарға сай рәсімделетін болады. «Төртіншіден, ірі инвесторлар мен трансұлттық компаниялар тарту бойынша жұмыстарды жалғастырып, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, осы бағыттағы жұмыстар барынша күшейтіледі. Атап айтсақ, Елбасымыздың инвесторлармен жасаған бүкіл келісімдерді бақылап, оларды жүзеге асыру үшін нақты мониторинг жасалады. Сонымен қатар жобалар бойынша жұмыс істейтін мақсатты трансұлттық компаниялар тізімін анықтап, олармен келіссөздер жүргізудің биыл жыл соңына дейінгі кестесі әзірленеді.

Сондай-ақ Қытай жобалары (51 жоба) бойынша жұмысты күшейту керек. Олардың ішіндегі 6 жоба бойынша биыл құрылыс жұмыстары басталады», — деді министр. Оның сөзіне сенсек, басқа да мемлекеттермен осы сияқты жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мысалы, Ресеймен 18 жоба, Иранмен 16 жоба, Франция және Жапония елдерімен 8 жоба, Оңтүстік Корея және Польша елдерімен 7, Италия және АҚШ елдерімен 6 жобадан жасалу үстінде. «Бесінші маңызды мәселе — инвестициялық ахуалды ЭЫДҰ стандарттарына сай дамыту. Бұл жерде мүдделі мемлекеттік органдармен және шетелдік бизнес-қауымдастықтармен ЭЫДҰ (АТП, ЕВРОБАК, АКСИИ және т.б.), бірге іс-шараларды көбейту керек. Бұдан басқа, біз қазір жекешелендіру бағдарламасын ілгерілету жұмыстарын жүргізіп жатырмыз және Арнайы экономикалық аймақ пен Индустриялық аймақтар қызмет тиімділігін одан әрі арттыру бойынша жұмыстар жалғасады», — дейді Инвестиция және даму министрі. Негізінде Қазақстан соңғы кезде инвестициялық ахуалды дамыту үшін бірнеше кешенді шараларды атқармақ. Инвестициялық тартымдылықты арттыруға бағытталған «Шетелдік мекемелер – орталық – өңірлер» қағидаты бойынша шетелдік инвесторлармен жұмыс істеудің тікелей шоғырландырылған жүйесі құрылды. Өңірлік деңгейде инвесторларды қолдау үшін Инвесторларға қызмет көрсету орталықтары ашылды. Мемлекеттік органдар мен инвесторлар арасында инвесторлар өз ұсыныстарымен тікелей бөлісе алатын диалогтық алаңдар көбейді. Бұдан басқа 11 млн еуро және одан да көп инвестиция бөліп, экономиканың басымдық берілген салаларында жұмыс істейтін инвесторларға жеңілдіктер қарастырылған. Олар корпоративтік және табыс салығынан, 10 жылға дейінгі мерзімге жер салығынан, мүлік салығынан сегіз жылға дейін босатылады. Бұдан бөлек, инвесторлар үшін жобаларды жүзеге асыру кезінде және оны іске қосқаннан кейінгі бір жыл ішінде қандай да бір квоталарсыз, рұқсаттарсыз шетелдік жұмыс күшін тартуға да болады. Инвестициялық ахуалды дамытудың және бір мысалы жеке инвестициялық сот өндірісінің құрылуы. Бұл ретте Жоғарғы Соттың мамандандырылған Сот алқасы мен Жоғарғы Сот жанындағы Халықаралық кеңестің жұмыс істеуі Қазақстандағы инвестициялық ахуалдың дамуына үлкен үлес қосып отыр. Мысалы, Бүкіләлемдік банктің бизнесті жүргізу және инвестициялық ахуалды жақсарту рейтингісі бойынша Қазақстан былтырғы жылы 190 елдің арасында 9-шы орынды иеленген. Тура осы жайттар Қазақстанды «инвесторлар үшін жұмақ» алаңына айналдырды десек болады. Айта кетерлік жайт, мұндай жұмақтар көптеген дамыған елдерде баршылық. Тіпті әлем елдеріне даму бойынша барынша үлгі көрсетіп отырған Сингапурдегі макроэкономикалық тұрақтылықтың бір тірегі — халықаралық инвестиция. Елдің іргесі қаланған алғашқы жылдары-ақ Сингапур шетелден инвестиция тартуға

барын салған болатын. Тіпті Сингапурдың негізін қалаған Ли Куан Ю былай деп еске алғаны бар: «Біз барынша инвесторлардың көңілін табуға тырыстық, олардың асты-үстіне түсіп, тіпті табанын жалағандай болдық». Нәтижесінде Сингапур әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған еліне айналды. Инвестицияға қатысты аса қолайлы жағдайлар мен кенінен мүмкіндіктер болғандықтан, бүгінде мұнда үш мыңнан аса дүние жүзіне танымал корпорациялардың бөлімшелері жұмыс істейді. Жылына Сингапур экономикасына шет елдерден 10 млрд астам долл. инвестиция құйылып отырады. Түйіндейтін болсақ, бүгінде болашағына алаңдаған әр ел өзіне жұмақ жасаумен шұғылданып жатыр. Сол үшін де инвестиция үшін бәсекелестік арта түседі. Тек белді бекем буынған ғана бұл бәсекеде топ жара алатыны белгілі [5].

Инвестициялық қызмет үшін жағымды жағдайлар қалыптастыру үшін мына мәселелерді қолға алу керек:

- салық жүйесін, амортизациялық аударымдарды пайдалану және амортизацияны есептеу тетігін жетілдіру;
- инвестициялық қызмет субъектілеріне арнайы салық тәртібін белгілеу;
- инвесторлардың мүдделерін қорғау;
- инвестициялық қызмет субъектілеріне жерді, басқа да табиғи ресурстарды пайдалану жеңілдіктерін беру;
- инвестициялық қызмет субъектілеріне рейтинг өткізетін және рейтингтік бағаларды жариялайтын ақпараттық-сараптама орталықтарын құру және дамыту;
- монополияға қарсы шараларды қабылдау;
- несиелендіруді жүзеге асыруда кепілдерді қолдану мүмкіндігін кеңейту;
- инвестициялық қызмет субъектілерінің меншікті инвестициялық қорларды құруына мүмкіндік жасау;
- инфляция қарқынына байланысты негізгі қорларды қайта бағалауды жүргізу [6].

Келешекте қолайлы инвестициялық белсенділікті күшейту үшін келесі шаралар ұсынылады:

- шетел фирмаларымен біріккен жобаларды дайындау және жүзеге асыруды үйлестіру;
- дамыған елдер үкіметтерімен мақсатты займдар және халықаралық қаржылық ұйымдармен бірге сауда-экономикалық байланыстар бағдарламалары және жобалары шеңберінде өндіруші және өңдеуші өнеркәсіптің басымдықты салаларына инвестиция тарту бойынша жұмыстарды жалғастыру;
- негізгі капиталды инвестициялауға бағытталған табыстың бір бөлігін салық салудан босату.

Қазіргі кезде Қазақстан экономикасына шетел инвестицияларының келуінің жаңа перспективалары ашылып жатыр. Бірінші, ең негізгі шетел капиталын тарту бағыты оның көмегімен Қазақстанның алынбаған ғылыми-техникалық әлеуетін меңгеру, әсіресе машина жасаудың конверсияланатын кәсіпорындарында. Екінші, Қазақстанның экспорттық потенциалын кеңейту және диверсификациялау. Үшінші, импорт алмастырушы өндіріс құру, халық тұтыну тауарларының, азық-түлік тауарларының, дәрі-дәрмектің, машина жасау өнімдерінің, тағы басқа өндірісін дамыту. Төртінші, транспортпен байланыс, өңдеуші салалар мен инфрақұрылым сфералары. Бесінші, бай табиғи қорлары бар, еңбегі мол аймақтарға (бірінші кезекте оңтүстік, батыс және орталық) шетелдік инвестицияның келуіне ықпал ету [7]. Ішкі инвестициялық ресурстар өте тапшы бүгінгі экономикалық жағдайда экономиканы тұрақтандыруға, реформаларды тереңдету және құрылымдық өзгерістерді жүзеге асыру шетел капиталын тартпайынша мүмкін емес.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Экономикалық дипломатия [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: www.mfa.kz/ekonomikaly-diplomatiya (жүгіну уақыты: 26.01.2017).
- 2 Инвестиция [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: http://www.inform.kz/kz/investiciya-ekonomikalyk-turaktylyk-kerili_a3002804 (жүгіну уақыты: 26.01.2017).
- 3 Экономикалық көрсеткіштер [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: stat.kz (жүгіну уақыты: 26.01.2017).
- 4 Есқалиев М.Д. Қазақстан нарық кеңістігінде / М.Д. Есқалиев. — Алматы, 2000. — 145–149-б.
- 5 Мұсабеков С.М. Экономикалық теория / С.М. Мұсабеков. — Алматы: Юрид. лит., 2015. — 223–231-б.
- 6 Жеңісбек А. Әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайында инвестициялық саясатты жетілдіру бағыттары / А. Жеңісбек. — Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2009. — 84–87-б.
- 7 Тастанбекова М.А. Шетел инвестицияларын тарту мәселелері және оларды шешу жолдары / М.А. Тастанбекова // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті хабаршысы. Экономика сер. — 2009. — № 3 (21). — 73–78-б.

М.А. Канабекова, А.А. Маденова

Международные инвестиции и их роль в экономике Республики Казахстан

На экономику Казахстана, находящуюся в стабильном экономическом росте, повлиял ряд экономических факторов, таких как преобразование планово-административной системы, вступление в экономику рыночных механизмов. Среди них — произвольные цены, приватизация государственной собственности, демонаполизация экономики, развитие конкуренции, либерализация внешнеэкономических действий, реформирование банковско-финансовой системы, образование фондового рынка и рост инвестиционных действий. В нынешнем развитии экономики Казахстана большое значение имеют международные инвестиции. С момента приобретения независимости виден стремительный рост объема международных инвестиций. Наблюдается развитие мирового хозяйства. Его темпы превышают темпы роста международной торговли. Все страны, несмотря на разную экономическую степень развития, чтобы достичь экономического роста, развивают методы и пути роста международных инвестиций. Для конкурентоспособности предприятия необходимо иметь капитал, инновационные технологии, квалифицированные человеческие ресурсы и практику эффективной организации и управления. В макроэкономических ситуациях улучшаются экономические показатели развития страны. В инвестициях заинтересованы многие страны, конкуренция довольно сильная. Поэтому сегодня исследование международных инвестиций является актуальным. В статье даны предложения по регулированию финансово-кредитных отношений, развитию инвестиционной деятельности.

Ключевые слова: международные инвестиции, международная торговля, экономический рост, рынок, конкурентоспособность.

М.А. Kanabekova, A.A. Madenova

International investments and its role in the economy of the Republic of Kazakhstan

The economy of Kazakhstan in stable economic growth. This was influenced by a number of economic factors such as: the transformation of the planned administrative system, the entry into the economy of the following market mechanisms: arbitrary prices, privatize state property, demonopolize the economy, develop competition, liberalize foreign economic activities, reform the banking and financial system, Investment actions. In the current development of Kazakhstan's economy, the importance of international investment is important. We have seen a rapid growth in the volume of international investment since independence. There is a development of the world economy, on an equal footing with foreign investments, its rates exceed the growth rates of international trade. All countries, despite the economic degree of development, in order to achieve economic growth, develop methods and ways of increasing international investment. To have capital, innovative technologies, qualified human resources and the practice of effective organization and management play an important role in the competitiveness of the enterprise and, accordingly, in macroeconomic situations, improve the economic performance of the country. But a lot of countries are interested in the investment and it needs to be taken into account that the competition is quite strong. Therefore, now the study of international investment is an urgent issue. The article proposes conclusions and proposals in the following areas: for the regulation of financial and credit relations; for the development of investment activities.

Keywords: international investment, international trade, economic growth, market, competitiveness.

References

- 1 Ekonomikalyk diplomatiia [Economical diplomacy]. *mfa.kz*. Retrieved from www.mfa.kz/ekonomikalyk-diplomatiya [in Kazakh].
- 2 Investitsiia [Investment]. *inform.kz*. Retrieved from http://www.inform.kz/kz/investiciya-ekonomikalyk-turaktylyk-kepili_a3002804 [in Kazakh].
- 3 Ekonomikalyk korsetkishter [Economic indicators]. *stat.kz*. Retrieved from stat.kz [in Kazakh].
- 4 Yeskaliev, M.D. (2000). Kazakstan naryk kenistihinde [Kazakhstan in the market]. Almaty [in Kazakh].
- 5 Musabekov, S.M. (2015). Ekonomikalyk teoriia [Theory of economics]. Almaty: Iuridicheskaiia literatura [in Kazakh].
- 6 Zhenisbek, A. (2009). Alemdik karzhylyk dahdarys zahadaiynda investitsiialyk saiasatty zhetildiru bahyrtary [Developing directions of investment policy in world financial crisis situation]. Karaganda: Bolashak-Baspa [in Kazakh].
- 7 Tastanbekova, M.A. (2009). Shetel investitsiialaryn tartu maseleleri zhane olardy sheshu zholdary [Problems and methods of solving of increasing foreign investment]. *Abai atyndahy Kazak ul'tyq pedahohikalyk universiteti khabarshysy. Ekonomika seriiasy – Abay National Kazakh pedagogical University Khabarshisi. Economics series, 3(21), 73–78* [in Kazakh].